

**Б.Ж. Еспенбетов<sup>1</sup>, А.Р. Төлеуқанова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

**ҚАЛАНЫҢ ТАБИҒИ ПОТЕНЦИАЛЫН  
КӨРКЕЙТУДІ ДАМУ**

**Андатпа.** *Мақаланың өзектілігі қалалық ортаның табиғи потенциалын көркейтуді дамыту болып табылады. «Адам – табиғат» дегенімізге қатысты алар болсақ, шынайы және жасанды қалалық ландшафтардың компоненттерінің өзара ұзақ уақытта жиналып келіп, қайшылық туғызатын жайттарын реттеу бағытында қажетті ізденістерге әкелді. Қалалық ортаның динамикалық трансформациясы әр түрлі факторлардың ықпалынан ыңғайластыру жағынан ауысымдарға бейімделеді, олар өз тарапынан туындаған кері тартпаларды реттеуді қамтамасыз етеді.*

**Түйін сөздер:** *ландшафты дизайн, көгалдандыру, ландшафтық-экологиялық ыңғай, кеңістік функциясы, шығынды азайту, табиғи материалдар.*

Заманауи қалалық кеңістіктегі мазмұнды өзгерту туралы ұсыныстар «жазықтығы» жағында ғана тұрған жоқ, ол сәулет және қалақұрылыс функционалдық басымдылығын да қайта қарауды, сонымен қатар, қалалық ортаның табиғи компоненттерін пайдалануындағы ыңғайластыруды жаңартуына да қатысты. Жаңа тұрғын үй жобаларын даярлау кезде «нормативтік» ыңғайды ұзақ мерзімдегі үстемдігі тәжірибеде аумақты көгалдандыруды өлшеу барысының анағұрлым дұрысырақ екендігін көрсетті, алайда сапалық жағынан «көгалдандыру» барысындағы қаржыны бөлуде қарабайырлық рационализмнен қорғай алу мүмкін болмады. А.Э. Гутновтың ойынша «нормативтік» ыңғайластыру жағынан бірден бір осалдық жағы, ол «қолда бар мүмкіндіктер мен ресурстарды назарға алмау, қалалық жүйенің дамуындағы нақты қиындықтарды бағаламау [1, 43 б.]».

Ландшафтық дизайнның жүзеге асырылуында табиғат ресурстары, қалалық ортаның заманауи жаңартылуында үлкен резервті құрайды. Олардың білікті бағалануы мен сипатының дұрыс таңдалуының қолданылуы қалалық ортаның тұрақтылығын сақтаудағы бірден бір фактор болып табылады. Қалалық аумақтың туындаған міндеттерін шешу қажеттілігі тек қана кеңістікте емес, сонымен қатар, уақыт талабында да, экологиялық болжамдаудағы жаңа ойды туғызатыны белгілі. Ландшафтық жаңартылуы болжамдалынғанда, қоршаған ортаның күтілгендегі жағдайы анықталғанда, ол ландшафтық дизайнның тиімді таңдауындағы қаржымен қаралуы керек. Заманауи жағдайдан шығу, ол жаңа аудандардың сәулеттік орталарының психологиялық қабылдамауымен сипатталады, көбінде жағдайы дұрыс емес факторлардың есебінің дұрыстығынан бастау алады, яғни бұқаралық тұрғын үй құрылыстарын антиэкологиялық құрылысқа айналдыратындықтан [2, 36 б.]».

Ландшафты экологиялық ыңғайды пайдаланумен жағдайды болжамдау анағұрлым басымдылыққа әкеледі, бұл адам мен табиғат арасындағы тура және қайтару байланысын алуда толық суретті көруге жақсы.

Сәулеттік пен табиғи ортаның өзара әрекеті ізділікті талап етеді, мақсатты бағыттағы реттелуді талап етеді, бұл соңғы есепте қаланың экологиялық жүйеде қамтамасыз етілу талаптарына бекітіледі. Қалалық ортаның жеке фрагменттерінің ландшафтық дизайн қаржыларымен табиғи потенциалдарының мақсатты бағытта өзгеруі, толықтай олардың тұрақтылығына жауап береді, сонымен қатар, қаланың тіршілік етуі мен ұзақ мерзімде болуын қамтамасыз етеді.

Қаланың экологиялық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде өте жоғарғы назарға ұстауы алдағы уақытта ұзақ мерзімде мақсатты бағдарламалардың табиғаттық және техногендік ортаның өзара әрекетін басқару бойынша жасалуына ықпал болды.

1992 жылы Дюссельдорфте «Қалалық экология» ресей көрмесін өткізген соң, ресей-герман халықаралық серіктестіктің жаңа формасы пайда болды, яғни «Болашақтың экологиялық қаласы» жобасы. Жобаның «Қалалық ландшафты жаңашаландыру» тақырыбындағы бір бағдарламасында белгіленді, яғни «қалалық билік пен тұрғындар тарапынан көгалдандыру жағының сапасы мен санын көбейту барысында қалада көшелер, алаңдар, бақшалар, жасыл желекті аумақтар, ауланың іштері, шатырлар, қасбеттер, балкондар болуы керек» делінген [3, 32 б.].

Байқап тұрсақ, Германияның жеке аудандарының аумақтарын экологиялық жаңарту жобалары «XXI КҮН ТӘРТІБІ» бағдарламасы бойынша іске асуда, елдің үлкен қалаларында да [4]. Елде экологиялық ахуалды басқару қашан болса да табиғи ресурстарды максималды жағдайда сақтау, өнеркәсіптерде экологиялық қорғауды күшейту, сонымен қатар, қалалық аумақтардағы бос орындарды ландшафтық ұйымдастырулармен тұрақтандыру қолға алынған. Өнеркәсіптік орындарда, көліктік аумақтарда, басқа да бос орындарда ландшафтық дизайнмен түрлендіруге қаржы табылады. Қалалық ортаны жобалау барысында оның экологиялық жағдайының жақсы болуына аса мән берілгендіктен мақсатты түрде ландшафтық дизайнның жобалануына, сол арқылы сапаның жақсаруына мән беріледі. Франкфурт-на-Майне және Мюнхендегі көліктік аумақтардағы масштабтық жобалардың жаңаша түрленуін мысалға алауға болады.

Заманауи ірі және үлкен қалалардың ортасын жаңарту қоршаған орталарының экологиялық мәселелеріне шешім тауып, қоқыстардың аз шығарылуына, энергияны үнемдеу технологиясын енгізу, тұрмыстық жағдайда экологиялық тазалық пен тұрақты түрде экологиялық ресурстарды қамту барысында қолайлылық туындады.

Жоғарыда тізімделінген бағыттарды жүзеге асыру қалалық ортадағы тіршілікті жақсарту болып табылады, соның барысында қаржыны дұрыс қолдану, яғни қоршаған ортаны қорғау барысындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, қалақұрылыстық, жоспарланушылықтық, техникалық (технологиялық) және биологиялық [5, 16 б.]. Ландшафтық дизайнды кеңінен қолдану барысында қаладағы экологиялық ахуалды реттеудің сапасын реттеуде, әкімшілік құқықтық, технологиялық қолдауды ғана талап етпейді, сонымен қатар, қоғамдық тұрғыдан ортаның бұл жетістіктері мен эстетикалық әсемдігінің назарда бо-

луын қадағалау керек. Ландшафттық дизайнның ұсынылуында мықты стереотипті өтіп, ортаны әсемдендіруде, яғни қалалық және қала сыртындағы аумақтарда алаңға байланысты шектеуіндегі фрагменттерімен жасалынуы, қала сыртының да сапалы әрленуіне жол ашады. С.К. Саркисовтың ұсынысының шеңберінде «қаржы топтарының өзара байланысының оңтайлығының моделі», ландшафттық дизайнның қаланың экологиялық жүйесіне ықпалының саласын белгілеп қою керек, яғни қаржы жағында өтемақылдық, (табиғи ресурстарды толтыру), көбейту (қоршаған ортаның тиімді параметрін реттеу), шекаралау (жеке қызметтік аумақтарды бөлу), төмендету және қысқарту (қоршаған ортаға антропогендік фактордың зиянды ықпалын қысқарту) [5, 186.].

Қалалық ортада экологиялық ахуалды реттеуде ландшафттық дизайнды қолдану, әрине, төменде аталатын бірнеше принциптерге тәуелді. Олардың бірі – мына принцип ландшафттық дизайнның қаржысының максималды түрде кеңістік функциясына сәйкес болуы – нақты бағыттағы қалалық аумақтың тыңғылықты дамуына өтуді қамтамасыз етеді. Бұл принципті бір ізділікте ұстану қалалық ортада кезеңімен қайтадан жаңарту жұмыстарын жасаудан құтқарады, олардың жаңартылуы мен басқаша жасалынуы, әрине, аумақтың негізгі қызметіне кедергілер туғызатыны анық.

Аса маңызды ықпал етушілерге жататындар табиғи ресурстарды тиімді пайдалану (су, топырақ, өсімдіктер). Осы принциптерді мақсатты қолдану барысында жаңбырдың суларында арнайы шатырдан су ағар жасатып, сол жиналған сумен өсімдіктердің суғарылуына пайдаланса, табиғи сумен жасыл желктендірілу жағы да жақсарары сөзсіз. Заманауи ландшафттық дизайн жағынан дамыған елдерде жаңбырдың суын жинақтап, оны арнайы тазартудан өткізіп, бернеше рет пайдалатынын да білеміз.

Сәулеттік ортада эстетикалық ұғым – сәулеттік нысандарда кеңістік орындарында шығармашылық сапаны ұсыну, бұл адамдардың психоэмоционалдық тұрғыдан қолдау және эмоционалды жағынанжайлылық жағдайға тарту, көріп, сол туындыға қуану, шаттану, шабыт алу, жақсы дем алу, көңілінде тыныштық орнау, жұмысқа белсенділігі арту, болмаса қандай да бір жаңа ой туындау, шешім қабылдау сияқты жағымды жағдайға ену [6, 119 б.].

Қалалық аумақтардың ұдайы кеңеюінің талабында, әрине, өзінің жағдайына жүйелі түрде қадағалауды талап ететіні белгілі, сол уақытта ландшафттық дизайнның қалалық ландшафты ұстауға шығынды анағұрлым азайту.

Табиғи материалдарды пайдалану үшін, барлықөсімдіктер ең біріншіден ландшафтың динамикалық компоненті болып табылатынын ескеру керек, кезеңдерге қарай мықтылығын бұзбайтын анағұрлым сапалы материалдарды қолдануды болжамдау керек, сонымен қатар, адамдардың аз ғана қатысуын талап ететін декоративтік құрамдардың болғаны құба құп. Бұл жерде гүлді егетін, оны күтетін алаңдарды тарырту жөн, оның орнына шөп газондар, бұталар мен ағаштар отырғызылса, көп уақытты да, адам қолының күшін қажет етпейді де.

Ландшафттық дизайнды пайдаланудағы принциптерінің арасында ортаның экологиялық тұрақтылығына тура ықпал ететіндігі, қалалық кеңістіктегі жасанды материалдармен әсемдеудегіден табиғи материалдардың басымдылығы

ерекше маңызға ие. Осы тәртіпке қарай жасайтын болса, яғни барлық жаңа жасанды материалдарды қолдана отырып, технологиялық кеңейтудегі мүмкіндіктер қалалық ортада экологиялық теңдікті сақтауда қолдау болары сөзсіз. Бұл қатынаста басымдылықтағы мағынада заманауи ландшафттық композицияда ағаш пен тас материалдары жақсы.

Ландшафтта табиғи компоненттердің бір-біріне үйлесімділікте ландшафттық дизайнды қаржы ретінде қолдану, яғни өсімдік түрінде, биологиялық антагонизм болмағаны жөн. Бұл ой барлық өсімдік түрінің шығынсыз, ұзақ уақытқа сақталынып, сапасын жоғалтпай, қалалық ортада шығынсыз болғаны шарт.

Ландшафттық дизайнның жоғарыда баяндалған түрлерінің қолданылуы қалалық ортада экологияға анағұрлым тиімділікті таңдауға теориялық негізді құрайды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Гутнов А.Э. *Эволюция градостроительства*. – М.: Стройиздат, 1984. – 256 с.
2. *Экология архитектурной среды / Центр науч.-техн. информ. по гражд. стр-ву и архитектуре; Сост. В.Н. Плехов*. – М., 1987. – 50 с.
3. Щитинский В.А., Романовская Н.В. *Международный проект «Экологический город будущего» как основа объединения городов на пути к устойчивому развитию // Пром. и гражд. стр-во*. – 1997. – №3. – С. 31-34.
4. Wentzell I. *Frankfurter Lokale Agenda// Garten + Landschaft*. – 1997. – №9. – S. 21-23.
5. *Современные проблемы урбоэкологии / Всесоюз. науч.-исслед. ин-т теории архитектуры и градостроительства; Сост. С. К. Саркисов*. – М., 1992. – 37 с.
6. Сыздықов М.М. *Формирование комфортной архитектурной среды в региональных условиях Северного Казахстана// Научный журнал «Вестник КазГАСА»*. – 2015. – № 1. – С. 119-123.

#### **References:**

1. Gutnov A. E. *Evolution of urban planning*. - M.: Stroyizdat, 1984 – - 256 p.
2. *Ecology of the architectural environment / Center for Science and Technology. inform. on civil engineering and architecture; Comp. V. N. Plekhov*. - M., 1987. - 50 p.
3. Shchitinsky V. A., Romanovskaya N. V. *International project "Ecological city of the future" as a basis for the unification of cities on the way to sustainable development. and the civil page*. - 1997. - No. 3. - Pp. 31-34.
4. Wentzell I. *Frankfurter Lokale Agenda// Garten + Landschaft*. - 1997 – - No. 9. - S. 21-23.
5. *Modern problems of urban ecology / Vsesoyuz. scientific research. Institute of the theory of architecture and urban planning; Comp. S. K. Sarkisov*. - M., 1992. - 37 p.
6. Syzdykov M. M. *Formation of a comfortable architectural environment in the regional conditions of Northern Kazakhstan // Scientific journal "Vestnik KAZGAS"*. – 2015. – № 1. – Pp. 119-123.

**Б.Ж. Еспенбетов<sup>1</sup>, А.Р. Төлеуқанова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup> КазАТУ им. С. Сейфуллина, г. Нур-Султан, Республика Казакстан

## **РАЗВИТИЕ БЛАГОУСТРОЙСТВА ПРИРОДНОГО ПОТЕНЦИАЛА ГОРОДА**

**Аннотация.** *Тема статьи является одним из важнейших аспектов ландшафта городской среды. Длительное накопление противоречий во взаимодействии естественных и искусственных компонентов городского ландшафта обусловило интенсивный поиск методов урегулирования многочисленных конфликтов в отношении «человек – природа». Динамичная трансформация среды города под воздействием самых разных факторов сопровождалась сменой подходов, обеспечивающих корректировку возникающих противоречий.*

**Ключевые слова:** *ландшафтный дизайн, озеленение, ландшафтно-экологический подход, функции пространства, минимизация затрат, природные материалы.*

**B.Zh. Espenbetov<sup>1</sup>, A.R. Toleukanova<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>KazATU S. Seifullina, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

## **DEVELOPMENT OF IMPROVEMENT OF THE NATURAL POTENTIAL OF THE CITY**

**Annotation.** *The topic of the article is one of the most important aspects of the landscape of the urban environment. The long-term accumulation of contradictions in natural and artificial urban landscape interaction led to an intensive search for methods of resolving numerous conflicts in the «human-nature» relationship. The dynamic transformation of the city environment under the influence of a variety of factors was accompanied by a change of approaches ensuring the correction of emerging contradictions.*

**Keywords:** *landscape design, landscaping, landscape-ecological approach, space functions, cost minimization, natural materials.*